

ФОРУМ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Алматыда еліміздің Тұңғыш Президенті күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» VIII Республикалық жастар форумының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Биылғы жылы инновация және шығармашылық, жасампаздық призмасы арқылы патриотизмді дамытуға бағытталған байқау онлайн форматта ұйымдастырылды.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ республикалық жастар форумын ҚР Тұңғыш Президенті күніне арнап 2013 жылдан бері өткізіп келеді. Биыл шара сәуір айынан бастау алып әлемдік пандемияға байланысты оның барлық кезеңдері онлайн режимде өтті. Жыл сайынғы форумға қатысушылар келесі байқаулар бойынша бақ сынасты: «Мен өз елімнің өркендеуі үшін не істей аламын» үздік эссе, «Еліміздің инновациялық дамуына қосқан нақты үлесім» атты үздік инновациялық жоба; «Мен жастарға сенемін!» азаматтық-патриоттық бағыттағы поэзиялық шығарма және «Мәңгілік ел мұратым!» авторлық патриоттық әндер, «Sanaly ugraq» парасаттылық принциптерін насихаттайтын үздік жоба. Форум кеңінен танылып, дамып келеді, оның номинацияларының тізімі жыл сайын жаңартылуда.

Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Еріктілер жылында оны «Qaiyrymdy qoғam» студенттік қайырымдылық жобасының байқауы толықтырды. Сонымен қатар, форумның мен_jastarga_senemin_kaznu инстаграм-аккаунтының оқырмандары мен көрермендер анықтайтын «Көрермендер көзайымы сыйлығы» номинациясы тағайындалды.

Форумға қатысу үшін еліміздің барлық аймақтарынан 5 мыңға жуық студент тіркелді. Шығармашылық жобалар мен бейне презентацияларды беделді сарапшылар – қоғам қайраткерлері, бизнес өкілдері, мемлекеттік органдар, мәдениет және өнер қайраткерлері мен ғалымдардан жиналған тәуелсіз қазылар алқасы бағалады. Нәтижесінде 300 үздік жоба соңғы турдың финалына өтті.

Жалғасы 3-бетте

1777 РЕТ

Бүгін www.kaznu.kz сайты арқылы оқып отырған «Қазақ университеті» газетінің 1777 саны. Алғаш 1948 жылы 20 сәуірде жарық көрген университеттің төл басылымы, міне, 1777 рет жарық көріп отыр. Газеттің жеке тарихы үшін бұл шығарылымның орны ерекше.

«Қазақ университеті» газеті – ұлттық университеттің шынайы тынысы, өмірі мен келбетін бейнелейтін бет-бейнесі, бедері, білгір ғалымдар мен майталман мамандар, мыңдаған студенттер, магистранттар, докторанттар және ең бастысы, ғылымға ынтық жастардың еңбегін көрсететін көкейтесті басылым. Газетте университеттегі тың жаңалықтар, инновациялық жобалар, мәдени хабарлар, ғылымға бағытталған сұхбаттар, рухани материалдар, тағылымға толы айдарлар, жастар шығармашылығын қолдайтын арнайы беттер берілген.

Университетіміздің төл басылымы киелі білім және ғылым ордасының зиялы, әлеуеті зор ғылыми, мәдени ортасымен өзара тығыз қарым-қатынаста. Отандық жетекші ғалымдардың, бүгінгі студенттердің, болашақ элитаның тың пікірлері, бастамалары да, ең алдымен, осы университет басылымында жарияланып отыруымен де «Қазақ университеті» газеті құнды. Бүінде елдегі және әлемдегі пандемиялық жағдайға байланысты газетіміз тек онлайн форматта жарық көруде. Дегенмен, 72 жылдан аса тарихы бар басылымның әлі де айтары бар, берері көп болатынына сеніміміз зор.

«Қазақ университеті» газетінің ұжымы


Толығырақ 8-бетте

ҚАЗҰУ ҒАЛЫМДАРЫ АКАДЕМИК АТАНДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары-химия ғылымдарының докторы, профессор, физикалық химия және электрохимия кафедрасының меңгерушісі Оспанов Хабибулла Құсайынұлы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Джунушалиев Владимир Джумакадырович – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі болып тағайындалды.

Осындай атаулы іс-шарамен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, ҚР ҰҒА академигі Ғ.М. Мұтанов құттықтап, ғалымдардың ғылым мен университеттің дамуына қосқан үлесін атап өтіп, олардың жетістіктері жас ғалымдар мен студенттерді ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуға шабыттандыратынын ерекше атап айтты.

Жалғасы 2-бетте



ҚАЗҰҰ ҒАЛЫМДАРЫ АКАДЕМИК АТАНДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Академиктер Х.Қ. Оспанов және В.Д.Джунушалиев тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де танымал. Олар іргелі және қолданбалы ғылым саласында маңызды болып табылатын зерттеулердің өзекті бағыттарымен айналысатын ғылыми жобаларды басқарады.

Оспанов Хабибулла Құсайынұлы Қазақстанда минералды шикізатты қайта өңдеу және унитиол химиясы жағдайында минералдар мен еріткіштердің реакциялық қабілеттерінің айырмашылығын болжаудың жалпы принциптерін – ғылыми бағытты негіздеді. Әлемдік тәжірибеде баламасы жоқ 34 жаңа технология әзірледі, оның 23-і өндіріске, оның ішінде әскери-өнеркәсіптік кешенде, ҚР түсті металлургия, химия өнеркәсібі кәсіпорындарында енгізілді. Ғалым 4 ғылыми жаңалықтың және 1200-ден астам ғылыми жұмыстардың авторы, оның 153 өнертабыс мен патентке авторлық куәліктер, оның 3 АҚШ халықаралық патенті, 23 монография Ұлыбританияда, Германияда, Ресейде жарияланған. Ғалымның басшылығымен 48 ғылым кандидаты және 6 ғылым докторы, 3 PhD докторы дайындалды.

Ғылым саласына сіңірген еңбегі үшін академик Х.Қ. Оспанов түрлі халықаралық және республикалық марапаттармен марапатталды: ҚР ғылымындағы жоғары жетістіктері үшін медаль, атаулы платина



медалімен марапатталды және «XXI ғасырдың көрнекті ғалымы» (Кембридж, Англия) кітабына енгізілді. Ол – «Қазақстан Республикасының көрнекті ғалымы» мемлекеттік стипендиаты, «Ғылым» номинациясы бойынша «Платиналы Тарлан» жалпы ұлттық тәуелсіз сыйлығының лауреаты, Халықаралық сүтегі энергетикасы қауымдастығының (Майами, АҚШ) Нобель сыйлығына үміткері.

Академик Владимир Джумакадырович Джунушалиев әлемдік ғылыми қоғамдастықта гравитация, космология

және кванттық хромодинамика саласындағы танымал ғалым, Хирш индексі 18 көрсеткіші бар Қазақстанның шет елдердегі жоғары дәйексөз ие ғалымдарының бірі болып табылады.

Ол ғылымды дамыту үшін маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Академик В.Д. Джунушалиевтің жетекшілігімен және жеке авторлығымен Еуропа, АҚШ-тың жетекші журналдарында 200-ден астам жарияланым жарияланды.

Өз тілшімізден

САНДЫҚ МАРКЕТИНГ ДАҒДЫЛАРЫ

Экономика және бизнес жоғары мектебі «Бизнес-технологиялар» кафедрасы «Орталық Азия жарнама Қауымдастығы» ЗТБ-мен бірлесіп «Интернет-жарнама. Жоспарлау және орналастыру. Видеожарнама» тақырыбында «Маркетинг», «Логистика» мамандықтарының студенттеріне арналған онлайн-форматта тренинг өткізді.

«Жаңа кәсіптер атласы» және қазіргі әлемнің сын-қатерлері университеттің болашақ түлектері меңгеруі тиіс жаңа құзыреттерді айқындайды. Осыған байланысты «Бизнес-технологиялар» кафедрасы ұйымдастырып, өткізген «Интернет-жарнама. Жоспарлау және орналастыру. Видеожарнама» вебинарының маңыздылығы мен өзектілігі арта түседі.

Тренинг барысында студенттер контентті қалыптастырудың практикалық дағдыларына, тиімді коммуникациялық саясатты құруға, мақсатты аудиторияны қамтуды өлшеуге үйренді.

Тренинг тақырыбы тыңдаушылардың үлкен қызығушылығын тудырды. «Орталық Азия жарнама Қауымдастығы» ЗТБ-мен ынтымақтастық тек тренинг, шеберлік сыныптарын өткізумен шектелмейді, ұйыммен студенттердің өндірістік практикасы туралы шарт жасалды.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ

Кезекті онлайн ректорат жиыны «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын талқылаудан басталды.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ

«Бүгінде университеттің басты стратегиялық мақсаты әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетін құру болып отыр. Осы ретте оны іске асырудың тетіктері: университеттің 4.0 инновациялық даму моделін іске асыру және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тарату; талант-менеджмент негізінде дайындалған қабілетті талапкерлер мен жетекші ғалымдарды іріктеу; халықаралық байланыстарды жан-жақты кеңейту және қазақстандық білім берудің экспорттық әлеуетін арттыру барысында басқа да бағыттарда алға жылжуымыз қажет», – деді бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев.

Кезекте ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазанов QS және THE рейтингтерінде университет көрсеткіштерін арттыру бойынша хабарлама жасады. Ол әлемнің үздік ЖОО кіретін THE рейтингісінің әдіснамасына сараптама жасай отырып, академиялық бедел, ғылыми жарияланымдар, Хирш индексі

сынды салаларға ерекше мән берді. «ҚазҰУ-дың QS Subject Rankings рейтингісіне ғылыми бағыттардағы барлық мамандықтар кіреді. Оның ішінде жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік, өнер және гуманитарлық ғылымдармен қатар инжиниринг, технология, медицина бағыттары қамтылған. Біз ғаламдық нарықта сапа мен мамандарымыздың беделін жетілдіру мақсатында әлемдік рейтингтік агенттіктерде үздіктердің қатарынан көрінуге барынша талпынып, басқа да салаларды талпынып, басқа да салаларды кеңінен қамтуға бар күш-жігерімізді салуымыз қажет», – деді проректор. Сондай-ақ ол THE рейтингісіне сәйкес университеттің академиялық қауымдастығы, жұмыс берушілер арасындағы танымалдылығы, ғылыми еңбектер жарияланым, түлектердің жұмысқа орналасу пайызы, ғылыми-педагогикалық құрам мен тыңдаушыларға шаққандағы шетелдік оқытушылар мен студенттер үлесіне де жекелей тоқталып өтті.

Алия ТҰРМАХАНБЕТОВА

KAZNU.KZ

Ekonomika және бизнес жоғары мектебі «Бизнес-технологиялар» кафедрасы «Орталық Азия жарнама Қауымдастығы» ЗТБ-мен бірлесіп «Internet-jarnama. Josparlaý және ornalastyry. Videojarnama» taqyrybynda «Marketnıń», «Logistika» mamandyqtarynyń stýdentterine arnalǵan onlain-formatta treninı ótkizdi.

«Jańa kásipter atlasy» және qazirgi álemniń syn-qaterleri ýniversitetniń bolashaq túlekteri meńgerýi tiis jańa quziretterdi aıqyndaıdy. Osyǵan bailanysty «Biznes-tehnologialar» kafedrasyny ıymdastyryp, ótkizgen «Internet-jarnama. Josparlaý және ornalastyry. Videojarnama» vebinarynyń mańyzdylyǵy men ózektiligi arta túseıi.

Trenin barysynda stýdentter kontentti qalyptastyrdyń praktikalyq daǵdylaryna, tiimdi komýnikasialyq saıasatty qurýǵa, maqsatty aýditorıany qamtýdy ólsheýge úrendi. Trenin ekonomikalıq prosesterdi sıfılandyrý және sıfılyq marketnıniń ózektiligi máselelerin talqylaıda stýdentterdiń belsendi qatysýymen prezentasia және dialog túrinde ótti.

Trenin taqyryby tyńdaıshylardyń úlken qyzyǵyshylyǵyn tıdyrdy. «Ortalıq Azia jarnama Qaýymdastyǵy» ZTB-men yntymaqtastyq tek trenin, sheberlik synyparyn ótkizýmen shektelmeıdi, uıymmen stýdentterdiń óndiristik praktikasy týraly shart jasaldy.

Jýrnalistika fakúltetiniń uıymdastyryýmen «Multimedia Journalism School» qashyqtan media bilim berý jobasy aıasynda «Mýltimedialyq storytelling» vebinary ótti. Sharanyń basty maqsaty bilim alýshylardyń zamanaýı media keńistikpen tanysyp, sol álemde ornýǵyna, sondaı-aq mýltimedialyq tulǵaǵa analýyna yqpал etý. Jýrnalis ári paidalanýshy retinde kez-kelgen deńgeıde jumys isteýge úretý. Internet derekkózderinen aqparat alý, onı eleginen ótkizý және onıaly paidalaný mehanizmderin igerý daǵdylaryn qalyptastyry.

Onlain vebinarда jas jýrnalisterge dáris berýshiler QazUÝ-dyń jýrnalistika fakúlteti oqytýshylary men BAQ redaktorlarynan quralǵan. Olar QazUÝ jýrnalistika fakúlteti baspasóz және elektrondy BAQ kafedrasynyń meńgerýshisi, «Mediasfera» gýmanitarlyq zertteý ortalyǵynyń direktory Gúlmıra Sultanbaeva, atalǵan bilim ordasynyń túlegi, áleýmettik ǵylymdar magistri, filologia және álem tilderi fakúlteti «Lıngvistika» mamandyǵy doktorantýrasyn támamdaǵan Sanatbek Seidehanov және jýrnalistika fakúltetiniń úzdik túlegi Zarına Býenbaeva syndy ustazdardan quralǵan. Vebinar sabaqtyń alǵashqy kúni jýrnalistika fakúltetiniń stýdenterі men magistrantтары belgili jýrnalis, «Habar 24» arnasynyń tilshisi Ǵalymjan Qaramanulynyń dárisin tyńdady. Arnay Londonnan bailansqa qosylǵan Ǵalymjan Qaramanulynyń qyzyqty áńgimesi vebinar tyńdaıshylaryna Londondaǵy qala ómiriniń atmosferasyn sezindirip qana qoımai, úlken tájiribe alaıyna analdy. Stýdentter men ustazdar tarapynan qoyılǵan túrli saýaldarǵa jaýap berip, álem және qazaq jýrnalistikasynyń qazirgi ahýaly jaıly sóz qozǵaldy.

Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ Himia және himialyq tehnologia fakúltetinde, Himiadaǵy esep-teý ádisteri oqý zerthanasynda «AVEVA Group plc» Britaniyalıq kompaniamen birlese otyryp 2020 jylǵy 18 qarashada «AVEVA himia-tehnologialyq úderisterin injenerlik jobalaý ortalyǵynyń» resmı ashylý rásimi ótti.

Ashylý saltanatyna ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-niń birinshi prorerktory profesor Búrkıtbaev Muhambetqalı Myrzabauıly, AVEVA ónimin stategiatyq damytý boıynsha Vise-prezidenti Julien de Beer myrza, himia және himialyq tehnologialar fakúltetiniń dekanı Tasıbekov Haidar Súleimenuly, sonymen qatar kafedra, laboratoria meńgerýshileri және fakúltet doktorantтары qatysty. Joba munai - gaz, energetika, himia және keme jasaý ónerkásibinde jobalaý, injiniriń және jobalardy basqarý úshin keshendi IT sheshimderdiń iri ázirleýshisi AVEVA Group plc qoldaýymen iske asyryladı. Jobanyń negizgi maqsaty AVEVA tehnol

В КазНУ состоится круглый стол «Созвучие великих: Фараби и Машани», организатором которого выступит Международная Тюркская академия

AVEVA ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Химия және химиялық технология факультетінде, Химиядағы есептеу әдістері оқу зертханасында «AVEVA Group plc» Британиялық компаниямен бірлесе отырып 2020 жылғы 18 қарашада «AVEVA химия-технологиялық үдерістерін инженерлік жобалау орталығының» ресми ашылу рәсімі өтті.



Ашылу салтанатына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры профессор Бүркітбаев Мұхамбетқали Мырзабайұлы, AVEVA өнімін стратегиялық дамыту бойынша Вице-президенті Julien de Beer мырза, химия және химиялық технологиялар факультетінің деканы Тасибеков Хайдар Сүлейменұлы, сонымен қатар кафедра, лаборатория меңгерушілері және факультет докторанттары қатысты. Жоба мұнай-газ, энергетика, химия және кеме жасау өнеркәсібінде жобалау, инжиниринг және жобаларды басқару үшін кешенді IT шешімдердің ірі әзірлеушісі AVEVA Group plc қолдауымен іске асырылады. Жобаның негізгі мақсаты AVEVA технологиялары негізінде оқытудың заманауи бағдарламалары есебінен студенттер мен оқытушылардың білімдері мен дағдыларын жетілдіру болып табылады.

AVEVA компаниясының өкілі Julien de Beer мырза өз сөзінде компанияның қызметі, серіктестері және болашақ мамандарды оқытуда AVEVA PRO/II Simulation химиялық-технологиялық үдерістерін жобалауға

арналған есептеу бағдарламасының мүмкіндіктері туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Бірінші проректор М.М. Бүркітбаев университет атынан AVEVA компаниясына PRO/II Simulation бағдарламасын пайдалануға лицензия бергені үшін алғысын білдіріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Орталық Азия өңіріндегі AVEVA Group plc компаниясы өз өкілдігін ашқан алғашқы жоғары оқу орны болғанын атап өтті. Біздің университетіміздің AVEVA компаниясымен одан әрі өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтатын мүмкіндіктерін көрсетті.

Жүзеге асырылып жатқан жоба қазіргі заманғы теориялық химия және химия өнеркәсібі саласындағы зерттеулер мен қолданбалы мәселелерді халықаралық деңгейде тиімді шешу үшін жеткілікті кәсіби құзыреттілікке ие жоғары білікті кадрларды даярлауға және ғылыми-технологиялық дамудың халықаралық көшбасшыларымен оқу процесіне жаңа технологияларды енгізуге ықпал етеді.

Өз тілшімізден

Бүкіләлемдік философия күніне орай Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған «Әл-Фараби және қазіргі заман» тақырыбы бойынша жас спикерлер байқауының жеңімпаздары анықталады. Үміткерлерді марапаттау салтанаты әл-Фараби орталығының @farabicenter2020 ресми аккаунтында тікелей эфирде жүргізілді.

ЖАС СПИКЕРЛЕР БАЙҚАУЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Шараның қорытынды марапаттау шарасында әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева: «Осы байқауда белсенділік танытқан барлық қатысушыларға алғыс айтқым келеді. Жастардың осындай іс-шараға қызығушылық білдіргеніне өте қуаныштымын. Ғұламаның ұлы мұрасын дүние жүзіне танытуға, жастар арасында кеңінен таратуға – Әбу Насыр әл-Фараби есімін иеленген Қазақ ұлттық университеті аянбай еңбек етіп келеді. Бұл іс-шара да осы бағытта жүзеге асырылып отыр. Аталмыш шара әл-Фараби еңбектерін тереңірек зерттеп, ізденуге жол ашты деп ойлаймын. Болашақта да, ұлы ойшылдың идеяларын арқау етіп, өмір тәжірибелеріңізге пайдаланады деп сенемін. Сіздерге осы бағыттағы еңбектеріңіздің табысты болуын тілеймін. Болашақ үшін жасаған әрбір қадамдарыңыз игі жемісін берсін», – деп құттықтады.

Алғашқы құттықтау сөзінің қатарын философия және саясаттану факультетінің деканы Алия Масалимова, философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбек, әл-Фараби орталығының директоры Бекжан Берікбайұлы жалғастырып, жеңімпаздарды диплом, сыйлықтармен марапаттады.

Жеңімпаздар есімі «Қайырымды қала» – бүгінгі бақытқа жету кілті», «Әл-Фараби және музыка теориясы», «Әл-Фараби – бақыт философиясы», «Әл-Фараби және әдептілік философиясы», «Әл-Фараби және Абай: идеялар сабақтастығы» және «Әл-Фараби және ғылымның қалыптасуы» номинациялары бойынша анықталды.

Байқауға мектеп және орта оқу орындары оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері және басқа да санаттағы қатысушылардан 150-ге жуық жұмыс қатысқан. Жас спикерлер байқауына елімізбен қатар, алыс-жақын шет ел студенттері де қатысты. Жеңімпаздар екі форматта, қазылар алқасы мүшелерінің дауыс беру нәтижелері мен лайктар және пікір қалдыру саны бойынша анықталды.

«Әл-Фараби және әдептілік философиясы» номинациясы бойынша бірінші орынға ие болған түркіменстандық азамат, университетіміздің филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті Джошкун Атаханов: «Біз байқау арқылы әл-Фараби еңбектерін тағы бір парақтап шықтық. Философия пәнінен алған білімімізді тағы бір ұштап, тереңірек іздендік. Нәтижесінде, жеңімпаз атандым. Ұйымдастырушыларға рақмет! Ғылымға бағытталған шаралар алда да жалғаса түссін», – деп алғысын білдірді.

Жұмыстар қазанның 15-30 аралығында қабылданды. Байқау қатысушыларының жұмысын бағалау және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасы жұмыс жүргізді. Шараға қатысушылардың барлық бейнежазбалары әл-Фараби орталығының сайтында, youtube каналында, @farabicenter2020 ресми аккаунтында жарияланып, көпшілікке ашық форматта көрсетілді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының
оқытушысы

Жалғасы. Басы 1-бетте

ФОРУМ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов форумның финалистерін қарсы ала отырып, олардың тәуелсіз Қазақстанның болашағы екенін атап өтті. Нақ осы жас ұрпақтың алдында жасампаз істер эстафетасын жалғастыру және елдің өркендеуін қамтамасыз ету міндеті тұр.

«Мұндай миссияны тек патриотты, дені сау және адамгершілік тұрғыда бәсекеге қабілетті және әлеуметтік жауапты жастар ғана жүзеге асыра алады. Сондықтан әрқайсыңыз ең алдымен, өз отбасыңыздың және ең бастысы, өз Отаныңыздың алдындағы үлкен жауапкершілікті дұрыс ұғынып, түсініп, сезінулеріңіз керек! Форум сіздер үшін жаңа жетістіктерге бастау болады деп үміттенемін», – деп атап өтті ректор.


Байқау лауреаттары мен жүлдегерлері дипломдар және бағалы сыйлықтармен марапатталады, ал жеңімпаздар ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу грантына ие болды.

Үздік студенттік инновациялық жоба байқауында Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-ден Павел Ивачев жеңіске жетті. Қазылар алқасы Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінен Қуандық Серіковтің жұмысын үздік эссе деп, ал поэтикалық шығармалар бойынша Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенті

Нұржол Жақсылықтың туындысын үздік деп таныды. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінен Николай Ярошенко авторлық патриоттық ән байқауында бірінші болса, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың студенті Дидар Жарқын «Sanaly ugraq» парасаттылық қағидаттарын ілгерілету жобасымен үздік деп танылды.

«Qaiyutmyd qogam» студенттік қайырымдылық жобалар байқауында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенті Надырханова Дилара жеңіске жетті. Талантты жас композитор Рахат-Би Әбдісағин ұлы ойшыл әл-Фарабидің мерейтойына арнап фортепиано мен симфониялық оркестрге жазған «Qubylus» атты симфониялық поэмасы үшін форумның арнайы дипломымен марапатталды. Республикалық форумды ұйымдастырушы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ номинация лауреаттары мен байқаулардың алғашқы үш орын иегерлеріне келесі жылы университетте өтетін жазғы көшбасшылық мектебіне қатысуға мүмкіндік берді. «Мен жастарға сенемін!» VIII республикалық жастар форумының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімінің трансляциясын AlFarabiTV YouTube арнасынан көруге болады.

Өз тілшімізден



В будущее с оптимизмом!

Талантливый ученый и прекрасный педагог, доктор физико-математических наук, профессор механико-математического факультета кафедры математического и компьютерного моделирования Леля Азретовна Хаджиева отметила в этом году 60-летний юбилей.



Значительный вклад в развитие науки Казахстана подтверждают многочисленные награды Лели Азретовны: нагрудный знак МОН РК «Ы.Алтынсарин» за значительные успехи в деле обучения и воспитания подрастающего поколения, памятная медаль им. академика Ж.С. Ержанова «За крупные научные достижения в области механики», диплом МОН РК «Лучшему научному руководителю НИРС студентов высших учебных заведений РК в 2015 г.», золотая медаль «80-летие КазНУ им. аль-Фараби», грант МОН РК «Лучший преподаватель вуза -2013» и др.

За 35 лет профессиональной деятельности Леля Азретовна прошла путь от младшего научного сотрудника до многоуважаемого профессора, опубликовала более 170 научных трудов, среди них 4 монографии, 5 учебных пособий с грифом РУМС, статьи в высокорейтинговых журналах, индексируемых в WoS, Scopus (Q1, Q2). Индекс Хирша h = 2.

Леля Азретовна успешно демонстрирует симбиоз работы ученого-исследователя и

преподавателя: она разработала множество спецкурсов по математическому и компьютерному моделированию явлений и процессов. Она искренне любит и знает свое дело. Смогла привить любовь к науке и многочисленным студентам, которые под ее чутким руководством успешно защищают кандидатские и PhD диссертации.

Написанные Л.А. Хаджиевой учебные пособия и монографии – незаменимые инструменты в образовательном процессе, а выпущенные публикации в высокорейтинговых журналах затрагивают актуальные проблемы науки в глобальном масштабе.

Леля Азретовна приложила немало усилий в развитие сотрудничества с зарубежными университетами по академической мобильности: она является координатором от механико-математического факультета в программе Erasmus+ с Keele University (UK).

Она и сегодня продолжает учить студентов – бакалавров, магистрантов и докторантов, пишет книги и статьи, ведет научную работу и помогает молодым ученым. Несмотря на такую большую нагрузку, Леля Азретовна всегда полна оптимизма и является примером для своих учеников и коллег.

Благодарим Вас, Профессор! Пусть не иссякает источник вашей энергии и жизненной силы! Новых научных и творческих достижений, крепкого здоровья и счастья Вам и Вашим близким!

**А. ИСАХОВ,
П. ОМАРОВА,**
*преподаватели кафедры
математического и
компьютерного моделирования*

Quizizz – білім берудің сандық құралы

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы сапалы білім беруді әрқашан алға қояды. Әлемді жайлаған пандемия кезеңінде де білім берудің сапалы болуын жан-жақты қамтамасыз етуде. Кафедраның білікті оқытушылары, өз ісінің мамандары тыңдаушылардың толық білім алуын қамтамасыз ете отырып, оқытудың жаңа технологияларын жіті пайдалануда.

Қазіргі таңда заманауи технологияларды пайдалана отырып, тыңдаушылардың қабілетіне байланысты жан-жақты білім беруге мүмкіншілік көп. Сандық білім беру құралдарды пайдалану нәтижесінде тыңдаушылардың оқуға деген ынтасы артып, күрделі материалдар мен формулаларды есте сақтау дағдысы қалыптасады. Бұл сандық құралдарға Padlet, Mentimeter, Kahoot, Quizizz, Quizlet, Miro, Trello деген сияқты көптеген бағдарламалар жатады.

Quizizz бағдарламасын білім берудің сандық құралы ретінде пайдалану өте тиімді болып табылады. Бұл сандық құралды пайдалану нәтижесінде болашақ талапкерлер тест сұрақтарын нақты әрі тез жауап беруге дағдыланады. Әрі танымды, әрі қызықты ойын тыңдаушылардың көңілінен шықты.

Оқытушы тестті тыңдаушының қабілетіне қарай деңгей бойынша өзі құрастырады. Әр сұрақтың деңгейіне қарай шекті уақыт беріледі. Интеллектуалды ойынды қашықтықтан ойнау арқылы тыңдаушылардың білім деңгейін бақылай алады. Quizizz бағдарламасы көмегімен кафедра төңірегінде топтар арасында кішігірім жарыстар ұйымдастырылады. Әр жарыс өткізу барысында тыңдаушылардың жинаған баллы артып келеді, яғни ойынның эффективті нәтиже беретінін айта аламыз.

**К. ҚАСЫМОВА,
А. ҮСЕНБЕКОВА,**
*ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының оқытушылары*

Әл-Фараби мен оның «Математикалық трактаттары» Батыс Еуропа ғылымы мен Қайта өрлеу және Жаңа жаратылыстану ғылымын дамытуға ғылыми теориялық қайнар көзі ретінде қызмет атқарады.

Әл - Фарабидің тағлымдық философиясы

Әлемдік ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабиді ұстазымыз және бабамыз деп мақтан тұтатын, ұлы ғұлама ғалым. Ұлы мақтанышымыздың 160-тан аса трактаттарымен танысып, сол кездегі ғылымның барлық саласын терең меңгеріп қана қоймай, бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған жаңалықтар ашып кеткені мәлім. Әсіресе, әл-Фараби еңбектерінің пәлсапалық, тәлім-тәрбиелік маңызы зор.

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Фараб қаласында дүниеге келді. Әл-Фарабидің толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки – әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика және музыка зерттеушісі. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны баршымызға мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға бейім болып өскен. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алғаннан соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында «Екінші ұстаз» атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия.


Әл-Фараби математикалық философияның іргетасын қаласуымен қатар, оның

табиғат құбылыстарын зерттеуге және қолданудың қажеттілігін іс жүзінде танытты. Әл-Фарабидің пікірінше, математика анық, ақиқат білімді береді және басқа ғылымдардың дамуына күшті ықпал жасайды. Әл-Фарабидің «Алмәгесте түсініктеме» деген атаумен белгілі трактаты тригонометрияны дамытуға игі ықпал жасаған. Мұндағы негізгі мәселесі синус, косинус, синус-ферзус, тангенс, котангенс сызықтарының бірыңғай радиусы тұрақты шеңбер ішінде қарастырады. Олардың арасындағы бірсыпыра қатынастарды ашып, кейбір қарапайым қасиеттерін айқындайды. Ол тригонометриялық кестелер жасауда аса қажет болып табылатын бір градус доғаның синусы мен косинусын анықтауда елеулі ықпал етіп, табыстарға жеткен.

Әл-Фарабидің киелі деп санаған ғылымы-геометрия. Ол барлық ғылымдар тек геометрияның тармақтары, ал геометрияны олардың түп тамыры деп есептеген. Сонымен қатар, математикалық астрономия мен географияның әр түрлі есептерін математикалық жолмен шешу қажетінен туған үлкен де жүйелі тригонометрия бар. Ол мағлұматтар ғұламаның «Алмәгесте қосымша кітабы» атты еңбектерінде баяндалған («Алмәгест» б.з. II ғасырда өмір сүрген гректің ұлы астрономы Птоломейдің еңбегі).

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Мың жылдан аса уақыт өтсе де, рухани мол дүниесінің бізге аман есен жетуі әл-Фарабидің ұлылығының тағы бір айғағы болса керек. Ендігі біздің парызымыз осы еңбектердің барлығын жинап, ерекше талдап, мұқият мән беріп, ұрпақтар кәдесіне жарату.

Аяулым ҒАНИ,
*филология және әлем тілдері
факультетінің 2-курс студенті*



Хакім, дана Абай. Біздің ұлтымыздың мақтанышы, біртуар дара Абай, ұлы Абай! Абайдың кім екенін білмейтін адам кемде-кем шығар. Білмегені орасан қателік. Ұлт руханиятына ынтызар, ғылым-білім нәрімен сусындағысы келген кез келген оқырман Абайға үңіледі.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмір жолын, туындыларын оқу арқылы қараңғы түнектен шығып, көкірегіміз оянып, көңіліміз жай табады. Әлбетте, Мұхтар Әуезовтің танымал шығармасы әр қазақ оқуға тиіс кітаптар тізімінің алдыңғы қатарынан орын алып, шаң жуытқан емес. Себебі, телегей ойдың телміріп бойына енген, ұрпаққа түзу жол сілтеп отырған дара тұлғаның өмірінің өзі дара болған.

Әсіресе, осы тұрғыда «тектіден текті туады» демекші әкесі Құнанбай мен анасы Ұлжанның рөлі аса зор. Осы тұста мен оқыған мынадай бір қызық оқиға бар. Әкесі Құнанбай айлы түнде есік алдына дәрет сындыруға шыққан екен. Сол сәтте көлденең көк аттының өтіп бара жатқанын Құнанбай құлағы шалып қалса керек. – Сідігіңе дарысын! – депті әлгі жолаушы. Құнанбай сөз иесінің сұлбасын анық көре алмаған, тек артынан бақыласа керек. Біраз уақыт өте келе әйелі Ұлжанның жүктілігі туралы хабар келеді. Қызыр келді ме, Қызырға жолықты ма? Бұл бір Жаратушының тосын құдірет күшінің «белгісі» болар!..

Абай дүние есігін ашқан сәттің өзінде анасы оны күтіп-баптап, омырауын сұртпей әрі дәретсіз емізбеген. Не деген тектілік!

«Болар бала боғынан» дейді, жастайынан қисса-әңгімелерге ынтық келіп,



үй меймандарына құлақ түре жүретін баланың сана-сезімінің оянып, қиялына қанат бітірген әжесі Зерені де қалтарысқа қалдыра алмаймыз. Бұл кісі де талай жыр мен ертектерді ерінбей Абай құлағына сіңіре берген.

Хат танып, медресе тәмамдаған Абай небәрі он үш жасында ел билігіне де араласа бастаған. Баланың ерте есеюі, зеректігі оның замандастарының алды болуына әкелді.

Абай – дана тұлға. Тарих беттерін парақтап, ұлы тұлғаның өткен дәуірінен алыпқарасақоның төлтуындыларымыздан басқа, орыс әдебиеті мен шығыс әдебиетін де құлаш ұра оқығанын байқаймыз. Ғалым, абайтанушы Ағжан Машановтың өзі Абай мен әл-Фарабиді ерекше сабақтастырады. Оның себебі де жоқ емес. Зерттеушілерге құлақ ассақ, медреседе тәлім алған Абай ұстазының әйгілі фарабитанушы болғаны аңғарылады. Сол арқылы Фарабидің ізгі ойлары Абайға дари бастаған деседі. Өзінің кітапқа деген адал махаббатының аясында Абай әлем әдебиетін де еркін меңгерген. Әрине, еңбек керек! Ешнәрсе оңайлықпен кемеяді ғой...

Аса көрнекті әдебиет сыншысы, публицист Сағат Әшімбаев өз мақалаларының бірінде: «Бұрынғы-соңғы мен ілгері-кейінді қазақ ақындарының ішінде әзірге Абайдан асырып ұлттық мінезіміз бен психологиямыздағы, тіршілігіміздегі кейбір тоғышарлық қылықтарымызды әшкерелеп берген ақын туған емес, туса да болған емес!

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, рухани жұт-тоғышарлық – одан да көп, нағыз «қызыл көздің» өзі. Енді сол «ағайындарының» түр-түсі қандай? Олар: көзқарастағы тайыздық, мінездегі өзімшілдік, дүниетанымдағы дүмшелік, сезімдегі желбуаздық, сөздегі екіұштылық, ниеттегі арамдық пен ашкөзділік, көңілдегі көрсоқырлық пен пейілдегі тарлық, көкейдегі тойымсыздық, жүрістегі сұйықтық, позициядағы самарқау бейтараптық, әрекеттегі жалтақтық, қарым-қатынастағы есеп пен пайдакүнөмдік, принциптегі

солқылдақтық, мақсат-мұраттағы жер бауырлаған ұсақтық, сенімдегі немқұрайдылық», – деп тоғышарлықтың басты симптомдарымен күрескен Абайды зор тұтады.

Ұлттың бойындағы барлық кереғар мінезді талдап, қызымырлана сынап жазған Абайдың философиялық ой биігін көрсететін, психологиялық жүйріктігін дәйектейтін «қара сөздері» адамды тәрбиелеуге қолқанат болса керек. Біз қара сөздерді оқи отырып, терең өсиет пен озық ойлардан өмірлік тәлім аламыз.

Қазақ әдебиетінің тарихында қайталанбас зор тұлға, ұлы ақын, хакім Абай Құнанбайұлының бізге, яғни, кейінгі ұрпақтарға жасаған еңбегіне баға жетпейді. Ол қазақ халқын ерекше сүйді, керен-аулықты талдап, бұрыс мінезбен жан аямай күресті. Өзін еліне сыйлап, елі үшін еңбек етті.

Адам болып қалыптасу мен тойымсыз нәпсіні жеңу мақсатында, адами құндылықтарды бойымызға сіңіріп, әккі әрекеттен өзімізді аулақ ұстап, ақыл мен жүректі, ниетті саф алтындай кір шалмастай таза ұстап, бағып-қағуымызға тиек болатын – Абай шығармалары, ой-толғамдары екені хақ.

Соның салдарынан, бізге, жастарға Абайды оқып-білу, оның терең философиялық ой-толғамдарына үңілу қажеттілік әрі міндет деп білемін! Абайды білмек парыз ойлы жасқа!

Мәдина СЕРІК,
*журналистика факультетінің
3-курс студенті*


175-летний юбилей Абая широко отмечался не только в Казахстане, но и во всем мире. Онлайн-формат придал всем мероприятиям особый характер, все участники ощущали чувство единения и духовной близости, несмотря на огромные расстояния, разделяющие их.

К юбилею великого поэта был приурочен Международный видеомарафон чтения стихов Абая на восьми международных языках мира Abai world challenge (французский, английский, арабский, испанский, китайский, японский, немецкий, итальянский). В челлендже приняли участие ученые-исследователи творчества Абая из разных стран мира, переводчики, писатели и представители творческой интеллигенции, необычные и полномочные послы РК и любители творчества великого поэта.

К памятникам Абая, которые установлены во многих городах мира, возлагаются цветы. Проходят международные онлайн-конференции и поэтические вечера, создаются инсталляции, организуются видеолекции, видеоролики и виртуальные туры по музеям и памятным местам, связанным с Абаем. Произведения Абая уже переведены и переводятся на различные языки мира: русский, английский, немецкий, украинский, китайский, и многие другие, в том числе и язык хинди.

Казахстан и Индия имеют давние дружеские отношения, которые с достижением независимости получили новый импульс к развитию. Отношения между нашими странами характеризуются высоким уровнем

АБАЙ И ИНДИЯ



взаимопонимания и доверия, широкими контактами в различных сферах политики, образования, науки, бизнеса. Благодаря деятельности двух посольства – Казахстана в Индии и Индии в Казахстане – расширяются культурные связи, в рамках которых творческое наследие нашего великого поэта, мыслителя и философа популяризируется и в Индии.

Одна из крупнейших улиц в Дели, столице Индии, названа именем Абая. При содействии Индийского совета по культурным связям (ICCR) на хинди вышел сборник трудов Абая, содержащий 40 стихотворений и 45 слов назидания.

Книга названа «Shabd manjusha», что означает «Сокровищница слов». Издание предваряют предисловия от Первого президента Казахстана Нурсултана Назарбаева, а также от посла Индии в Казахстане Прабхата Кумара. В День Абая и состоялась онлайн-презентация этой книги, в которой приняли участие генеральный директор ICCR Динеш Патнаик, Посол Казахстана в Индии Ерлан Алимбаев (кстати, выпускник индийского отделения факультета востоковедения нашего университета!), Посол Индии в Казахстане Прабхат Кумар, Директор Индийского Культурного центра им.

Свами Вивекананды Санджай Гарг, преподаватели Кафедры Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения З.Е. Искакова и Д.М. Кокеева, а также другие официальные лица.

В выступлениях участников онлайн-мероприятия звучали взаимные поздравления с Днем Абая, говорилось о вкладе Абая в мировую цивилизацию и, конечно же, читались стихи Абая. Индийские участники отметили, что духовное наследие Абая является достоянием не только казахского народа, но и всего человечества. Ведь его творчество пронизано идеями гуманизма и просвещения, доброты и справедливости, служения народу и преобладания общенационального над личным.

Период второй половины XIX – начала XX вв. по всему миру характеризовался ростом национального самосознания, бурным развитием художественной литературы и искусства, а также общественной и философской мысли. На этом историческом фоне вполне закономерны творческие параллели в духовном наследии мыслителей Казахстана и Индии. И потому имя великого казаха Абая стоит в одном ряду с великими индийцами – Свами Вивекананда, Ауробиндо Гхош, Рабиндранат Тагор. И теперь голос нашего Абая звучит на хинди. А это значит, что наши народы и наши культуры стали еще ближе, и мы всегда будем на одной волне.

**З. ИСКАКОВА,
П. СУЛЕЙМЕНОВ,**
*факультет востоковедения,
кафедра Ближнего Востока
и Южной Азии*

**ҚазҰУ «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы»,
Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-мен бірлесіп «Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану»
І Халықаралық ғылыми-экологиялық форумын өткізеді**

ЖЕТІСТІКТЕР КӨРІНІСІ



Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғыртуда және білімділікке ұмтылдыруда шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының шетелдік жастарға ғылым, білім беру және тәрбиелеудегі орны ерекше. Бұл кафедра әлемнің озық, заманауи және таңдаулы үлгілері негізінде шетелдік жастарға жаңа деңгейдегі сапалы білім беруді қамтамасыз етуді көздейді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарихында 1985 жылдан бастап бүгінге дейін 35 жыл бойы кафедра ұстаздары Германия, Испания, Италия, АҚШ, Швейцария, Дания, Франция, Жапония, Қытай, Корея, Ауғанстан, Вьетнам және басқа да елдерінен жер жүзінің әр түкпірінен жүздері, тілдері басқа болғанымен білім мен өнерге құштар, тілектері бір шетелдік түлектер легін білікті де, білімді етіп дайындап, қолынан түлетіп ұшырып келеді. Осыдан 35 жыл бұрын бой көтеріп, білім әлемінде желкен керіп келе жатқан біздің кафедраларымыз бүгінгі күні университеттегі бірден бір шетелдік жастардың басын қосатын, халықтың рухани жан дүниесін байытуға өз үлесін тигізетін, білім алғысы келетін әрбір шетелдік азаматқа өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, бағыт-бағдар беруші руханият мекені әрі университетіміздегі тамыры бекіген ең беделді кафедраның бірі.

Шетелдік студенттерді қазақ және орыс тілдерін меңгеруге ынталандырып, тілді биік дәрежеде үйретіп, әр жастың жүрек қалауын терең зерделеп, оқуға деген қызығушылық танытқан шетелдік азаматтардың таным көкжиектерін кеңейту бағытында үлес қосып келе жатқан кафедраның педагогикалық

қабілеттіліктері жоғары және ұстаздық өрелері биік ұстаздар еңбегін елге таныту мақсатында кафедраның 35 жылдық мерейтойына орай тілдер және мәдениет фестивалі аясында «Ашық есік күні» онлайн түрінде халықаралық деңгейде өтті.

Іс-шараға Қазақстанда тіл үйреніп, білім алғысы келетін шетелдік азаматтар және әр елдің консулдықтары мен білім-мәдени орталықтар, шетелдік компаниялар өкілдері, шетелдегі жоғары оқу орындарынан қонақтар қатысты.

Осы уақытқа дейін кафедраның ғылыми базасы дамып, көптеген шетелдік азаматтардың білімін көтеріп, қияға самғатты. Бұл ашық есік күні кафедра жұмысының нәтижесін көпшілікке кеңінен таныстыруға зор мүмкіндік берді.

Бұл іс-шараны университетіміздің Бірінші проректоры Мұхамбетқали

Мырзабайұлы салтанатты түрде ашып, қонақтарға және шетелдік талапкерлерге университетіміздің тарихы, осында білім алу келешегі туралы және факультет, кафедра тарихынан сөз қозғай отырып, күні бүгінге дейінгі жетістіктерін айтып, кафедраның қазіргі таңдағы орны мен маңыздылығына тоқталып өтті. Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының меңгерушісі А.Е. Саденова ашық есік күніне арналған кіріспе сөз сөйлеп, кафедра туралы, оқу үдерісін, студенттік өмірді ұйымдастыру жайында сөзге тиек етті.

Ашық есік күнінің өтуіне орай кафедраның 35 жылдық мерейтойымен Алматыдағы Қытай Халық Республикасының Бас консуллығының ғылым және техника жөніндегі консулы Ми Гуйсюн, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Тәрбие жұмысы департамент директоры Есимова Жұлдыз Дәпенқызы, Алматыдағы Түркмен орталығының директоры Аннакулиева Гүлнар Атайқызы құттықтау сөз сөйледі.

Шара барысында өткен жылдарда факультетте оқып кеткен түлектеріміз Индиялық Дивакар Сингх Гурджар, Италиялық Куаглия Дарио және Қытай Халық Республикасынан Алмас Надия тарапынан шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары атына жылы лебіздер мен алғыстар айтылды. Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінен және Ресей консуллығынан А. Решетникова мен Е. Осипова өз құттықтауларын жеткізді.

Кафедраның 35 жылдық мерейтойына арналып, тілдер және мәдениет фестиваліне орай «Ашық есік күні» концерттік бағдарламамен жалғасты. Концерттік бағдарламаға Қытай, Корея, Ауғанстан, Түркия, Италия, Испания, Швейцария, Жапония және басқа да елдерден қазақ және орыс тілдерін онлайн оқып жатқан шетелдік студенттер қатысып, ән орындап, өз тілдерінде атақты ақындарының өлеңдерін мәнерлеп оқи отырып, қазақ және орыс тілдерін меңгерген деңгейлерін, өз білімдерін, өнерлерін көрсете білді. Шетелдік студенттер мен оқытушылар дайындаған концерттік нөмірлер жиналған жұртшылық көңілінен шықты.

Бұл шетелдік студенттердің рухани-мәдени білімдерін көтерудің өзгеше формасы, әрі шетелдік студенттердің ой-танымын қалыптастырудың негізі болар бірден-бір жақсы әрі маңызды іс-шара болды.

А. САДЕНОВА,
шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының меңгерушісі

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ КЕРІ БАЙЛАНЫС



Бүгінде елдегі пандемия салдарынан білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлері бойынша, яғни бакалавриат, магистратура, докторантура және дайындық бөлімдері қашықтықтан білім беру технологиясын іске асыру үшін ақпараттық жүйелерді қолдануда.

Қашықтықтан оқыту технологиясының әдістемелік нұсқаулары мен бағдарламалары жасалып, оқыту Универ 2 платформасында қашықтықтан оқыту технологиясы және MOODLE платформасындағы dl.kaznu.kz жүйесі бойынша іске асырыла бастады. Онлайн конференциялар жүргізу мен оны жазу үшін Zoom, Skype, Youtube, Майкрософт Teams т.б. веб қызметтері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылып, оқу процесі жүргізілуде.

Оқу жүктемеге сай әр сабақ бойынша тапсырмалар жүйесі беріліп, студент пен оқытушы арасында кері байланыс қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Әрине, бірден мұндай жүйеге кірісіп кету оңайға соқпады. Бірақ университеттің басшылығының қарамағындағы білімді мамандардың көмегінің арқасында жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, небәрі бір аптаның ішінде оқу процесі реттелді.

Универ 2 платформасында қашықтықтан оқыту технологиясын пайдаланып әр білім алушымен қарқынды кері байланыс жасауға болады. Мысалы, қолданылатын платформада әр оқытушы мен білім алушыға жеке логин мен пароль берілген. Оқытушы бекітілген оқу әдістемелік кешен негізінде білім

алушыға әр аптаға оқу тапсырмаларын жүйелеп орындауға платформаға салып қойған. Оның ішінде тапсырманың орындалу ережесі мен тапсыру уақыты, оның бағалануы көрсетілген. Салынған тапсырмаларды білім алушы апта соңына дейін тапсыруы қажет. Бұл кез келген адамды уақытпен жұмыс жасауға және өз уақытының менеджменті болуға бағыттайды. Тапсырманың орындалу деңгейіне байланысты оқытушы білім алушының білімін бағалап, сандық түрде платформаға енгізеді. Тапсырмалар пәннің құрылымы мен мазмұнына

байланысты дәстүрлі жазбаша, сұрақ жауап, ауызша, тест, эссе, кейс, жобалық тапсырмалар түрінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Тапсырмалар жүйесі жеке немесе топпен орындауға да берілуі мүмкін, бірақ бағалау кезінде кері байланыс арқылы әрқайсысына жеке-жеке әртүрлі сұрақтар қойылады. Қандай да бір жағдайлармен оқытушы жауап нұсқасымен келіспесе білім алушыны тікелей онлайн конференцияға шақыруға немесе платформада хабарлама жіберуге болады. Ал, апта сайын жүргізілетін дәрістерді

әртүрлі Zoom, Skype сияқты тағы басқа да веб қызметтерін пайдаланып, онлайн арқылы уақытты тиімді өткізуге болады. Әр аптаның өткізілген дәрістері видеоматериалдарға жазылып сақталынады. Яғни, кері қайталап көруге де мүмкіншіліктер берілген. Бірақ жазылған видеолар белгілі уақытқа дейін ғана сақталынады. Сол үшін білім алушылар мұны ескерулері қажет. Бұл әрине оқытушының сабақты синхронды немесе асинхронды жүргізуіне байланысты. Міне, осылай онлайн жүйесін пайдаланып, қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы кері байланыспен оқу процесін жүргізудің оңтайлы жағдаяттары қарастырылған.

Алдағы уақытта қорытынды емтиханды жоғарыда келтірілген платформалар арқылы қашықтықтан оқыту және онлайн арқылы жүргізуге қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Университеттің басшылығының ұйымдастыруымен, білімді де білікті мамандарының еңбектерінің нәтижесінде емтихан тапсыру түрлері де таңдалып, студенттердің білімдерін неғұрлым әділ бағалау жағдайлары да қарастырылуда. Барлығы сәтті болады деген ойдамыз. Біз әрқашанда біргеміз!

Н. ДАЛАБАЕВА,
жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының аға оқытушысы химия ғылымдарының кандидаты

В рамках академической мобильности на кафедре фундаментальной медицины проводятся онлайн-лекции профессора Орхана Канболата из Университета Гази (Турция)

Қоғам аясындағы коронавирус (COVID-19) ауруы – біздің үйден оқытылып, білім алуымызға бірден-бір себеп. Оның жаман және жақсы жақтары да баршылық. Мәселен, жаман жағы техникалық құралдардың болмауы, интернет байланысының нашарлығы, студенттің сабаққа қатысуын бағалаудың шектеулі сатысы т.б.

МЕН ҮШІН ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙ...

Сонымен қатар, қашықтықтан оқытудың жақсы жақтарына да тоқталуға болады. Қашықтықтан білім алатын студент семестр бойы материалды оқуға қашан және қанша уақыт бөлу керектігін өз бетінше шеше алады. Ол өзі үшін жеке оқу кестесін жасайды. Екіншіден, студенттерге өз топтастарынан қалып қоямын деген ойға алаңдаудың қажеті жоқ. Сіз әрқашан күрделі мәселелерді зерттеуге оралуға, бейне дәрістерді бірнеше рет көруге, мұғаліммен хат алмасуды қайта оқуға болады. Үшіншіден, студенттер үйден шықпай-ақ, немесе кез келген жерде білім ала алады. Оқуды бастау үшін интернетке қол жетімді компьютер болуы керек. Оқу орнына күн сайын барудың қажеті жоқ, бұл мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін, шалғай жерлерде тұратындар үшін сөзсіз жағымды. Егер жеке мамандық бойынша оқытуды коммерциялық негізде күндізгі және қашықтықтан салыстыратын болсақ, онда екіншісі арзан болады. Студент жол ақысын, тұру ақысын төлеудің қажеті жоқ, ал шетелдік университеттер жағдайында виза мен төлқұжатқа ақша жұмсаудың қажеті жоқ.

Жағымды жақтарын да көптеп айта беруге болады. Жалпы, жоғарыда айтылғандарды бағалай отырып, қашықтықтан білім беруді енгізу арқылы әлеуметтік және білім берудегі

көптеген проблемалар шешілетінін атап өтуге болады. Яғни, қашықтықтан білім беру көп функционалды болып шығады: ол мүмкіндігі шектеулі адамдарға да, оқу процесінен қысқа мерзімге кеткендерге де қажетті білімін, уақыты мен тәрбиешілерге қосымша ақшасын жоғалтпауға көмектеседі. Қашықтықтан оқыту жаңа және заманауи әдіс болғандықтан, қазір барлығы бұл жағдайға үйренуге тырысып жатыр.

Мүмкін болашақта қашықтықтан оқыту заманауи сынып пен сабақты білім беруді ауыстырады, ал студенттер үйде компьютер алдында отырғанда мұғалімдерді таңдай алады. Жоғары оқу орнында қашықтықтан оқып, білім алған – мен үшін ерекше жағдай. Студенттік өмірімнің бастапқы сатысы мұндай болар деп кім ойлаған. Десек те, қашықтықтан білім алу жүйесінің рөлі еліміздегі жағдайға байланысты білім саласы үшін өте маңызды, себебі бұл жүйе арқылы әлемдік ақпарат кеңістігінде білімімізді шыңдауға зор мүмкіндік алып отырмыз.

Жұлдыз КЕНЖИНА,
*метеорология және гидрология
кафедрасының 1 курс студенті*

ҚазҰУ студенттері белсенді

Covid-19 ауруының белең алуы әлемдік тенденциялардың және қоғамдық сананың өзгеруіне себеп болды. Карантин жағдайына байланысты адамдардың өмірі онлайнға ауысып, көптеген шаралардың өтуіне тыйым салынды. Барлық оқу орындары 16 наурыздан бастап қашықтықтан білім беру режиміне көшті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқыту жүйесі ZOOM және Teams платформалары арқылы жүзеге асып жатыр. Еліміздегі төтенше жағдайға қарамастан, жастар белсенділіктерін жоғалтқан жоқ. Білім ордасы студенттердің қоғамға етене араласуын, сабақтан тыс қоғамдық шараларға атсалысуын ұйымдастыруда.

Оған дәлел ретінде ҚазҰУ жанынан құрылған «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының қолдауымен және «Алтын Сапа» интеллектуалды пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен 2019-2020 оқу жылының сәуір айында өткен тұңғыш универшілік «Онлайн-дебат турнирі» атты пікірсайыс жарысын айтуға болады. Аталмыш турнирге университетіміздің бетке ұстар жастары жаңа форматта ойын өрнегін көрсетіп, пандемия қарсаңындағы оқиғалар мен ел жағдайына баға берді. ZOOM платформасы арқылы алғаш өткізілген мұндай көрсетілім ойындарына ҚазҰУ-ден бөлек, Қазақстанның өзге де ЖОО студенттері қатысып, пікірсайысты көптеген қызығушы көрермендер тамашалады. Бас жүлдеге ие болған топқа Ыстықкөлге екі адамдық жолдама берілді.

Онлайн форматқа көшу барысында бірнеше келеңсіздіктер мен қиындықтар орын алғанымен, бүгінде ол мәселелер толығымен шешілді. Жазғы демалыс кезінде Қазақ ұлттық университетінің басшылары, Ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институты қызметкерлері және ұстаздарымыз талмай жұмыс істеп, 2020-2021 жылдың алғашқы жартыжылдық оқу кезеңін онлайн жүйеге бейімдеді. Соған сай нақтылау шаралары мен жоспарлар дайындалды.

Әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің 1150 жылдығын, қазақтың бас ақыны Абайдың 175 жылдығын және еліміздегі «Праймериз» «Нұр

Отан» партиясының ішкі іріктеу сайлауын ескере отырып, университетімізде жастарға арналған тағы бір шара ұйымдастырылды. 24-25 қазан күндері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Праймериз – жастарға мүмкіндік» атты республикалық пікірсайыс турниріне универішілік іріктеу өтті. Турнир үш лиганы қамтыды: қазақ, орыс және ағылшын. Іріктеуден суырылып шыққан үздік команда 5-6 қарашада ҚазҰУ намысын қорғады. Ал «Праймериз – жастарға мүмкіндік» турнирінің республикалық кезеңін ұйымдастыру тізгіні ҚазҰУ белсенділеріне табысталған. Студенттер еліміздің барлық оқу орындарынан қатысатын пікірсайысшыларды Teams платформасына қосады. Бұл турнирдің негізгі мақсаты – жастардың тұлғалық дамуына үлес қосып, білімді, ұлтжанды азаматтарды дайындау, тек ҚазҰУ студенттерін емес, барлық белсенді жастарды бір арнаға тоғыстыру арқылы, пікір алмасып, тәжірибе жинақтау. Еліміздің түкпір-түкпірінде отырып, достық көпірін орнатудың мүмкін екенін осы тұста көре аламыз.

Пандемияның өршуі барша халыққа, әсіресе жалындаған жастарға оңай болмады. Қайрат-жігердің тасқындап тұрған шағында көпшіліктен оқшаулануға тура келді. Алайда, жастардың саулығына қауіп келмейтіндей әрі бос уақытын тиімді өткізу үшін қара шаңырақ ҚазҰУ жағдай жасап, өз студенттерін қолдауда. Жаңаша формат арқылы жастар өздерінің белсенді өмірін жалғастыра алады.

Ж. БОЛЫСОВА,
*физика-техникалық факультетінің
1-курс магистранты,*

Н. БЕКАЛАЙ,
*п.ғ.к., физика-техникалық
факультетінің аға оқытушысы*

Приобщаем к спорту

Преподаватели кафедры теплофизики и технической физики КазНУ им. аль-Фараби, помимо физической подготовки студентов вуза, реализуют мероприятия по социальной адаптации и интеграции в обществе детей-сирот нашей республики.

В высшем учебном заведении общее руководство физическим воспитанием и спортивно-массовой работой среди студентов, а также наблюдение за состоянием их здоровья возложены на руководство университета, а конкретное их проведение осуществляется административными подразделениями и общественными организациями вуза.

Непосредственную ответственность за постановку и проведение учебно-воспитательного процесса по физическому воспитанию студентов в соответствии с учебным планом и государственной программы несет кафедра физического воспитания вуза. Массовая оздоровительная, физкультурная и спортивная работа проводится спортивным клубом совместно с кафедрой и общественными организациями. Физическое воспитание в вузе осуществляется на протяжении всего периода обучения студентов в многообразных формах, которые взаимосвязаны, дополняют друг друга и представляют собой единый процесс.

Помимо физической подготовки самих студентов вуза, профессорско-преподавательским составом кафедры теплофизики и технической физики КазНУ им. аль-Фараби в рамках профориентационной работы реализуются мероприятия по социальной адаптации и интеграции в обществе детей-сирот нашей республики.

Для решения проблемы вовлечения их в нормальную жизнь и приобщения к социальным ценностям и нормам необходимо изменить сам образ жизни этих детей, их отношение к себе, к ближайшему окружению и обществу в целом. Для поддержания ментального

и физического духа воспитанников детского дома №1 Алматинской области преподавателями кафедры теплофизики и технической физики в рамках проекта «Айналанды нұрландыр» и студентами под общим руководством кураторов-эдвайзеров КазНУ им. аль-Фараби проводятся еженедельные тренировки оздоровительной направленности. Задачами данного мероприятия являются привлечение подростков к активным занятиям физкультурой и спортом; популяризация здорового образа жизни; воспитание бережного отношения к природе; организация спортивных мероприятий, направленных на сплочение коллектива. Результативным примером таких проектов является ежегодное участие в мероприятии «День города Алматы», на котором проводятся показательные выступления детей совместно со студентами кафедры.


Таким образом, воспитанники детского дома №1 получают уникальную возможность приобщиться к спорту, подражая «значимым взрослым» – спортивной элите страны. Это является особенно актуальным для детей, оставшихся без попечения родителей, позитивное самовосприятие которых тесно связано с наличием эмоциональной включенности в контакты со значимыми людьми, освоением навыков общения.

**С. БОЛЕГЕНОВА,
А. АЛДИЯРОВА,**
*кафедра теплофизики и
технической физики*



«Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика» кафедрасы барлық ниет білдірушілерді Сингапурдағы ESSEC Business School Asia Pacific профессоры Чедомир Несторовичтің дәрісіне қатысуға шақырады

ТҰЛҒА ТУДЫРАТЫН БАСЫЛЫМ



Үздік шәкірттерімнің бірі, бүгінгі «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы Досжан Балабекұлы «Газеттің 1777-нөмірі шыққалы жатыр, соған бір ауыз пікір жазып берсеңіз» деп хабарласқанда өткен күндердің үзік-үзік «үлдірлері» тізбектеліп көз алдымнан өте бастағаны жасырын емес. Қазақ халқы «7» санын кие тұтқаны табиғатымызға жақын болса, баспасөздің мұндай даталарды атаусыз қалдырмайтыны да бізге аян. Әркімнің телефоны мен көлік нөміріне «7» санын алу үшін жанталасып жүргеніне қарағанда Досжанның ісі ұнамды ғой деп, түнде жазу үстеліне отырдым...

«Қазақ университеті» газеті маған студент кезімнен-ақ ыстық. Ұстазымыз Кәкен Қамзин бас редактор болып тұрғанда алғашқы өлеңдер топтамамды басып, оған аңыз тұлға Темірбек Қожакеевтің өзі сын айтқаны әлі есімде. Тіпті, республикалық газеттердің өзі басудан бас тартқан сыни материалымды да «Қазақ университеті» жарқ еткізіп шығарып, ол да жадымда жатталып қалған еді. Осыдан-ақ «Қазақ университетінің» жастар өмірінде қандай маңызға ие екенін байқаймыз. Кейін оның тізгінін бес жыл өзім ұстаймын деген ой үш ұйықтасам түсіме де кірмепті...

Кез келген мекеме үшін корпоративті газеттің маңызы өте зор. Оның қадірін түсінбейтіндер баспасөздің ақпараттық әрі үгіт-насихаттық рөліне де назар аудара бермесі анық. «Ұжымдық басылым» дегенде ел арасында «оның» аясы тар, ауқымы мен көтерген тақырыбы өз «пұшпақтары», троллейбус пен трамвай секілді тиесілі аумағынан өзге жаққа аттап баса алмайтын газет» деген «миф» қалыптасқан. Бірақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қазақ университеті» газеті ондай басылымдардың қатарынан емес. Өйткені, «Қазақ университеті» – жаңалықты жасайтын газет, оқиғаны тудыратын ақпарат көзі.

...«Қазақ университеті» талай ректорды көрді ғой. Ал мен үш ректормен жұмыс істедім. Олар – Төлеген Қожамқұлов, Бақытжан Жұмағұлов, Ғалым Мұтанов. Төлеген Қожамқұловтың

Қазақы дүниетанымда жеті саны аса қасиетті һәм қастерлі. Оның мәні мен мағынасын ашып, тылсым құпиясын шешуге ұмтылмай-ақ, **«жеті қат көк», «жеті ғалам», «жеті қарақшы», «жеті күн», «жеті құт», «жеті жұт», «жеті жоқ», «жеті қазына», «жеті ата», «жеті жұлдыз», «жеті кәміл пір», «жеті жетекші», «жеті жұрт», «жеті өнер», «жеті амал», «жеті жарғы», «жеті шелпек», «жетісін беру» секілді жеті санымен байланысты тағы да басқа ұғымдардың қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен өмір салтында, дүниеге көзқарасында айрықша мәні мен орны бар екенін айтсақ та жеткілікті.**

Біздің арғы тектеріміз байырғы түріктердің де 7 санына да ерекше қасиетті мән бергенін көреміз. «Орман-тау арасында қалғаны жиылып жеті жүз болды. Екі бөлігі атты еді. Бір бөлігі жаяу еді. Жеті жүз кісіні басқарушы



кезінде басылымның мән-мазмұнын арттыруға танымал ұстазымыз, университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Намазалы Омашев тікелей жауапты болды. Одан асып ешкім газетке қол сұға алмайтын. Нәкең қоғамдық-саяси тұрғыдан басылымның июі мен киюын еш қателікке ұрындырған жоқ.

Бақытжан Жұмағұлов «Қазақ университеті-нің» беделін көтеруге жоғары деңгейде күш салды. Осыны пайдаланып біз университетте «Ректор «Егемен Қазақстаннан» бұрын «Қазақ университетін» оқиды» деген көзқарас қалыптастырдық. Рейтингке кіргіздік.

Ғалым Мұтановқа келер болсақ, ол газеттің қоғамдық-саяси құндылығын арттыруға көп мүмкіндік берді. Айына шығатын басылым апталық болып, жауапкершілігі артты. Ректоратта талқыланған мәселелер мемлекеттік деңгейдегі тақырыптармен қатар факультетке, әрбір кафедра мәжілісіне жедел жету үшін газетті дүйсенбі күні түнде бастық. Сейсенбі күні басылым кафедра мәжілістерінің тақырыптарына тұздық берді.

Негізгілері осы. Өз кезегінде мен басшылық жасаған редакция да «Қазақ университетін» түрлендіріп отырды. Басылымды офсетті

қағаздан газетті қағазға көшіріп, шынайы газет деген көзқарас қалыптастырдық. Дизайнын түрлі-түсті етіп өзгертіп, жаңа айдарлар ашу, коллаж жасау, ойын-сауықтық материалдар беру, ең бастысы мақалалардың идеялық-мазмұндылық сапасына талаптарды күшейту секілді жұмыстарды үнемі жүргізіп отырдық. Осы жерде оқиғаларды өзіміз тудыруды қолға алдық. Керек тақырыптарды індетіп іздеумен жаздырттық. Қоғамдық пікір қалыптастыру үшін мәселелерді ауызға «шайнап» беруге тырыстық. Қарапайым ғана мысал, Елбасы Жолдауын университет залдарынан «алып шығып», жатақханаға, ондағы бөлмелерге «кіргіздік», жастарға талқылаттық, пікір білдірттік. Қоғамдық-саяси ең маңызды деген тақырыптарды университет қызметкерлері мен студенттері кәнігі сарапшыдай талқылауға көшті.

Басылым жанынан «Өркен» студенттер газетін шығарып, жастардың өздерін бас редактор, тілші етіп қойдық. Жастар толғантқан оқиғалар туралы ой-пікірілерін ашық жеткізді. Бір сөзбен айтқанда, студенттерге шабытпен қоса мінбер бердік, шығармашылық орта қалыптастырып, ылғи түлетуге күш салдық.

ТАЛАЙ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ЖАНДЫ КУӘСІ

ұлығы шад еді». Және де «әкем қаған он жеті сарбаз жинапты», «Жиналып жетпіс ер болды», «барлығы жеті жүз ер болды. Жеті жүз болып... Түрік төрінен айырылған халықты ата-бабам төрінше қайта жаратты, орнатты», «қырық жеті жолы [жорыққа] аттанды» – деп өне бойында тарихи оқиғаларды 7 санымен байланыстырып отырған жолдар Орхон мәтіндерінде жиі кездеседі.

Қазіргі кезде тарихшы және заңгер ғалымдарымыздың Тәуке хан тұсында қабылданған «Жеті жарғының» жеті негізгі ережесі бар деп қабылдап жүргендерінің негізсіз екендігін көрсеткен Ақселеу Сейдімбек «Жеті жарғы» сөзі «киелі жарғы» деген мағынада қолданылған. Қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде орныққан «жеті ата», «жеті жұрт», «жеті су», «жеті қат көк», «жеті қат жер», «жеті ата жау», «жеті басты дәу», «жеті безбұйрек», «жеті дария», «жеті кент», «жеті қазына», «жеті тылсым», «жеті шәріп», «жеті нан», т.б. деп келетін тұрақты тіркестер бар. Мұның бәрі де «ең киелі», «ең шегіне жеткен», «ең үлкен», «ең

күшті» деген мағынада қолданылады. Демек, «жеті жарғы» сөзі сандық мағынаны емес, мәндік мағынаны білдіріп, «киелі жарғы» дегенге саяды» – деп түсіндіреді. Осы ойға орайлас Серікбол Қондыбай да жеті сөзінің киелілігін, оның – ең, шек, шың басы не тұңғыық түбі, меженің шегі деген мағынаны білдіретіндігімен дәйектеп, Жаратушы нұрға қатысты ұғым екенін түсіндіреді. Жоғары жаратушы тәңір әлемнің жетінші қабатында деген түсінік бар.

Хош, бұлай жеті санының киелі, қасиетті мәні туралы ой қозғап отырғанымыздың да өзіндік себебі бар. Қазақ білімінің қарашаңырағы, бүгінгі күні еңсесі биік ғылым ордасына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаршысы, үні «Қазақ университеті» газетінің 1777 саны жарық көргелі отыр екен. Былай қарасаңыз газеттің кезекті нөмірі. Дегенмен жетпіс жылдан астам тарихы бар газеттің архивтегі «шаң басқан», сарғайған беттерін парақтасақ талай оқиғалардың жанды куәсі болғанын бағамдай түсетін едік.

Осы өртең жастардың біразы бүгінде ел тағдырына қатысты қоғамдық пікір айтатын жерлерде жүр. Осының өзі көңілге демеу.

Сол жылдары «Қазақ университеті» газеті – өзге университеттердегі ұжымдық басылымдарға да үлгі-өнеге болды. Оған өзге университет газеттерінің қарап бой түзегенін, тіпті бас редакторларының ақыл-кеңес алып отырғанын да айта кету керек. Бұл атқарылған істердің бір парасы ғана. Осының өзі ғана «аясы мен ауқымы тар» деген ұжымдық басылымдар туралы «мифті» жоққа шығарады.

Қарап отырсам «Қазақ университеті» газетін ылғи ығай мен сығайлар, мүйізі қарағайдай тұлғалар, белгілі азаматтар басқарған екен. Бір таңғаларлығы, олардың көпшілігі өзімнің біте қайнасканыма 20 жылдай уақыт болған бүгінгі баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасында қызмет жасағандар екен. Бұл шоғырды бір кездері газетті өз қамқорлығына алған белгілі ғалым, жазушы, қазақ кітаптану зерттеу ғылымының негізін қалаған Шериаздан Елеукенов бастайды. Одан кейін жазушы, журналистика профессоры Әбілфайыз Ыдырысов, «Казахский университет» атауын «Қазақ университеті» деп өзгертіп, сол үшін бюрода мәселесі қарала жаздаған, қазақ фантастикасы зерттеу ғылымының негізін қалаған, профессор Абдул-Хамит Мархабаев, Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультетінің деканы Қайрат Сақ, өзіміздің журфактың деканы Сағатбек Медеубекұлы... осылай кете береді. Сондай-ақ, кейінгі жылдары зор сеніммен тізгінін ұстатқаннан кейін тұғырлы орнын тайдырмаған шәкірттеріміз Әйгерім Әлімбекова, Досжан Балабекұлы да – осы кафедраның түлектері.

Демек, «Редакциялау – журналистиканың шыңы» деген ұранды ұстанған кафедраның миссиясы ақталып келе жатыр деп нық сеніммен айта аламыз. Бұл бір жағынан тұлға сомдап шығарудағы «Қазақ университеті» газетінің рөлін де айқындаса керек. Яғни, біздің «Қазақ университеті» – оқиға ғана емес, тұлға да тудыра алатын басылым.

Дәрмен СМАЙЫЛ,
Ұлттық журналистік зерттеу орталығының жетекшісі

Газеттен университет қабырғасында өткен оқиғаларды көз алдымыздан өткеріп қана қоймай қазақ жоғары білімінің өсіп-өркендеу жолын, қазақ ғалымдары мен ізденушілердің талайлы тағдырын зерделеу арқылы қазақ ғылымы мен білімінің жетістіктерінің тұтас панорамасын беруімізге болады. Сондықтан газет бетіндегі мәтіндер аумалы-төкпелі замандағы отандық ғылым мен білім тарихын зерттеудегі таптырмас мұрағат екені анық.

Еліміз егемендік алған 30 жылға жуық уақыт аралығында да «Қазақ университеті» газеті университетімізбен бірге түрленіп, жаңарып жоғары оқу орнының тыныс-тіршілігін, өнегесі мен үлгісін қалт жібермей жариялап, таратып келеді. «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болып келе жатқан «Қазақ университеті» газетін халқымыз үшін киелі жеті ұғымы-нышанымен астасқан «1777» санының жарық көруімен құттықтаймын. Алар асуы, шығар биіктері көп болсын дегім келеді.

Әсет ҚҰРАНБЕК,
философия кафедрасының меңгерушісі

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты	РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА	МЕКЕНЖАЙЫ: 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48. Электронды мекенжай: kazuniver2016gazeta@gmail.com Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.	Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана ●Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. ● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. ● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. ●Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген			